

Пресс-релиз

Астана қ., 21 сәуір 2014 жыл

«ҚазТрансОйл» АҚ өз акционерлердің мүдделерін қозғайтын Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдері туралы хабарлайды.

2014 жылы 17 сәуірде «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің отырысы өтті. Соның барысында акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақыру шешімі қабылданып, «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелері бойынша Директорлар кеңесінің ұсыныстары бекітілді.

Директорлар кеңесі Компания акционерлердің жылдық жалпы жиналысын 2014 жылы 28 мамыр айында өткізуі туралы шешім қабылдады. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізілімі 2014 жылғы 14 мамыр айының 00.00 сағаттағы жағдай бойынша жасалады.

«ҚазТрансОйл» АҚ акционерлердің жылдық жалпы жиналысының өткізілуі туралы мәлімдеме KASE сайтында және Қоғамның корпоративтік сайтында (http://kaztransoil.kz/kz/akcionerler_men_investorlarga/akcioner_men_investor_ushin_a_kparat/akcionerler_ushin_zharnama_zhene_akparat/) орналастырылды.

Директорлар кеңесі акционерлердің жылдық жалпы жиналысының келесі күн тәртібін бекітті:

- 2013 жылғы «ҚазТрансОйл» АҚ-ның жылдық қаржылық есептілігін және шоғырландырылған жылдық қаржы есептілігін бекіту;
- 2013 жылғы «ҚазТрансОйл» АҚ-ның таза пайдасын бөлу тәртібі, жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу мен «ҚазТрансОйл» АҚ бір жай акциясына шаққандағы дивидендтің мөлшерін бекіту;
- 2013 жылғы «ҚазТрансОйл» АҚ-ның жылдық есебін бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің 2013 жылғы жасаған жұмыстың жылдық есептілігін бекіту;
- 2013 жылғы Қоғам мен оның лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттеріне байланысты «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлердің үндеулерін қарау және сол қараудың қорытындысы туралы;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңес мүшесінің уәкілдігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін, соның ішінде «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау туралы;
- Тәуелсіз директорларға өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы және өтем төлеу мөлшерін және шарттарын белгілеу туралы;
- «ҚазТрансОйл» АҚ жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы туралы ережені бекіту туралы;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту туралы.

Директорлар кеңесі соның ішінде акционерлердің жылдық жалпы жиналысына қатысты ұсыныстарын жасап шығарды:

-
- 41 925 280 291 теңге немесе 2013 жылғы шоғырландырылған таза пайданың 65,97% дивидендтерді төлеуге жіберу;
 - Бір жай акциясына 109 теңге мөлшеріндегі дивидендтерді төлеу.

«ҚазТрансОйл» АҚ акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Қоғамның корпоративтік сайтында 2014 жылғы 14 мамырда орналастырылды (http://kaztransoil.kz/kz/akcionerler_men_investorlarga/akcioner_men_investor_ushn_akparat/akcionerler_ushin_zharnama_zhene_akparat/?2072668329).

Инвесторлармен байланыс қызметі
«ҚазТрансОйл» АҚ